


Арыстар ұмытылмауы керек



Коллажды жасаған — Аман МАНАП, «ЕФ»

Келер жылы Қызылорда қаласының астана болғанына тұлтура бір ғасыр толады. Сол жылдары ел байтағы болған шағын шаһар халқы 20 мыңның айналасында болған екен. Бірақ осы кезең ішінде ұлт қайраткерлері дария жағасындағы қалада қоғамдық-саяси һәм мәдени орта қалыптастыруға барын салды. Талай қабырғалы қаламгердің ұлт әдебиетінің қорын байытқан жауһар шығармаларының негізі осы Сыр бойында қаланды. Солардың арасында биыл туғанына 130 жыл толып отырған Сәкен, Илияс, Бейімбет бар еді.

Мұрат ЖЕТПІСБАЙ,
«Egemen Qazaqstan»

Астана болған Ақмешіттегі тұрғын үйлер мен мекемелер қазіргі Ескі базар мен теміржол вокзалы аумағында орын тепкен. Осы қалада 1926 жылы 13 қаңтарда ұлт театрының тұңғыш шымылдығы Қошке Кеменгерұлының «Алтын сақина» пьесасымен ашылды. Қазаққа театр өнерін танытқан табиғи таланттар уақыт өте келе ұлт руханиятының қабырғалы қайраткерлеріне айналды. Ұлттық сананы қалыптастыруда төрт ғасырға бергісіз 4 жыл қисық көшеді шағын шаһарға үлкен өзгеріс әкелді.

Тұңғыш театрмен қатар іргесі XIX ғасырда қаланып, әуелі қыздар приход училищесі, кейіннен Перовск училищесі, 1925–1929 жылдары баспахана орналасқан ғимаратта отызға жуық газет-журнал басылып, елдің түкпір-түкпіріне тарап жатты. Осы күні «Әл-Асад» атты сауда үйіне айналған бұл баспаханада талай тарландар еңбек еткен. Ақмешіттің астана болған кезеңін еске салып тұратын жалғыз нысан да осы. «Бұл тағдырдың талай тар қысталаңынан тәкаппар

басын имей өткен Сәкеннің, жыр Құлагеріндей жарықтық Илиястың, әңгіме жанры туралы әңгіме бола қалғанда өз заманының бейнесін қағаз бетіне түсіріп, классикалық шығарма өзегіне айналдырған Биғағанның табан ізі қалды-ау» деген ой еске түскенде бойыңыздан бір жып-жылы толқын жүгіріп өткендей болады.

Сері Сәкен «Көкшетау» поэмасының соңғы тарауларын Сырда жазып, «Тар жол, тайғақ кешу», «Жер қазғандар» туындылары, «Тұрмыс толқынында» өлеңдер жинағы осы қалада баспа жүзін көрді. Бұл топырақ ақынның шығармашылығын шыңдауға шабыт берген мекен болды. Осында Гүлбаһрам сұлумен шаңырақ көтерді. Қызылордадағы қазақтың ағарту институты ректоры қызметінде жүріп «Жыл құсы» альманағын шығарды.

Мәскеудегі Мемлекеттік журналистика институтын тәмамдап, астанаға келіп еңбек еткен Илиястың да көптеген шығармасы, Бейімбеттің «Қадір түнгі керемет», «Күлпәш», «Талақ», «Құла ат», «Шарифат бұйрығы» әңгімелері топтастырылған әңгімелер жинағы, «Қос қақпан» пьесасы мен «Бөліс» поэмасы Қызылордада басылып шықты. Ол аз десеңіз, С.Сейфуллин,

І.Жансүгіров, Ә.Мәметова, Б.Майлин авторлығымен 5-сынып оқушыларына арналған «Әдебиеттану оқу құралы» осы қалада басылды. Қазір облыстық тарихи-өлкетану музейі қорындағы осындай жәдігерлерді зерттеп жүрген жергілікті өлкетанушы Жұмабай Байзақұлы біраз шығарма төте жазудан бүгінгі қаріпке түсіріпті.

Несібесі кем ұлтпыз деп айта алмаспыз-ау, бірақ қолда бардың қадірін кеш түсінетін ел екеніміз анық. Соңғы 20–25 жыл ішінде талай тарихи ғимарат қиратылды. Әуелі кезінде Үкімет үйі болған, кейіннен жүйке аурулары ауруханасына қарасты мекеме орын тепкен үй жермен-жекпен болды. «Естіген құлақта жазық жоқ», маңдайы жарқыраған талай марғасқаларға мекен болған ғимараттарды ғасырлар өтсе де міні құрымаған сапалы кірпіштеріне қызығып бұзды дейтіндер бар.

Содан кейінгі кезек қазақ жырының Құлагері – Илияс Жансүгіров тұрған үйге келді. Бастапқыда іргедегі базар саудагерлерінің қоймасына айналдырып қор қылдық. Оны да аз көргендей артынша қабырғасындағы тақтайшасымен бірге тас-талқанын шығардық. Сәкен мен Бейімбет тұрған баспаналар өткен ғасырдың орта шенінде бұзылған болуы керек. Олардың орнына көпқабатты үйлер салынып кеткен. Оны енді қылт еткенді қиып түсетін сәбеттік саясаттан көрелік. Ал Илиястың үйінен өз қолымыз өз аузымызға жеткен тоқсаныншы жылдардың соңында айырылып қалып отырмыз ғой. Қалқайған қабырғаны қиратып тастау екінің бірінің қолынан келеді. Соның кем-кетігін

түгендеп, аймаңдай азаматтарға арнап ескерткіш тұрғызып, мұраларына адалдық танытсақ, бізге кім қой дер еді? Сол сәтте «мұнымыз асылдарымыздың рухына жасалған зорлық емес пе?» деген ешкім болмағаны таңғалтады. Осы күні кезінде облыс денгейінде басшы болған партия-кеңес қызметкерлерінің біразы көше атын иеленіп, түрлі мекеме алдына мүсіндері тұр. Соларға жасаған көл-көсір құрметіміздің ширегін ұлт руханиятында төңкеріс тудырған осы үш арысқа көрсетсек, артық болмас еді ғой. Кеше тәні азапталып – қорлық, бүгін рухы мазақталып зорлық көретіндей бұлар не жазды? Барымызды бағалай алмаған өзімізден басқа кімге өкпелейміз?

Жарайды, өткенге салауат. Бірақ бар өмірі арпалыспен өткен арыстардың биылғы 130 жылдық мерейтойлары да елеусіз өтіп кеткелі тұр. Облыстық мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасы жасаған мерейтойлар тізбесінде бұларға арналған бар іс-шара кітапханалармен түйінделіп тұр. Қалалық мәдениет және тілдерді дамыту бөліміне хабарласқанымызда, қазірше үш арыстың ғасырлық тойына байланысты ештеңе жоспарланып отырмағанын білдік. «Тек күзге қарай ұйымдастырылуы мүмкін» деген жауап алдық.

Илияс Жансүгірұлы «Өз елі өз ерлерін ескермесе, ел тегі қайдан алсын кеменгерді?» дегендей, тарихи тұлғалардың елге, тарихи шаһарларға сіңірген еңбегін лайықты көрсетуіміз керек-ақ.

ҚЫЗЫЛОРДА